

Тауар биржалары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 2170 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 мамырдағы N 155-IV Заңымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 2009.05.04. N 155-IV (2009.11.07. бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1 бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Актінің нысаны және тақырыбы өзгерді, кіріспе алып тасталды, мәтінде "бөлім" деген сөздің алдындағы "I - IV" деген цифрлар тиісінше "1 - 4" деген цифрлармен аудыстырылды, "Жарлықты", "Жарлықтың", "Жарлыққа", "Жарлық" деген сөздер тиісінше "Занды", "Заңың", "Заңға", "Заң" деген сөздермен аудыстырылды, "Министрлер Кабинеті", "Министрлер Кабинетіне" деген сөздер тиісінше "Үкіметі", "Үкіметіне" деген сөздермен аудыстырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қантардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

1-бап. Тауар биржасының ұғымы

1. Биржалық сауданың белгілеген тәртібі бойынша белгілі бір жерде және белгілі бір уақытта ұдайы көпшілік сауда өткізу арқылы биржалық тауарлардың көтерме саудасы жөніндегі ұйымдастыру және реттеу қызметін жүзеге асыратын, кез келген меншік нысандарына негізделген заңды ұйым тауар биржасы /текст бойынша бұдан былай - биржа/ болып табылады.

2. Биржа - қызметтер көрсетуден алған табыстары оның шығыстарын өтеуге, биржа мен биржалық инфрақұрылымды ақпараттық-техникалық және әлеуметтік дамытуға пайдаланатын субъект.

2-бап. Тауар биржасының аясы

1. Биржа өзіне берілген биржалық лицензияның негізінде биржалық тауарлармен көтерме сауда жүргізуге тікелей байланысты ұйымдастыру және реттеу қызметін жүзеге асырады.

2. Биржалардың биржалық саудаға тікелей байланысты емес сауда, сауда-делдалдық және кез келген басқадай қызметтерді жүзеге асыруға тыйым салынады.

3-бап. Биржалық тауар

1. Биржа белгіленген тәртіппен биржалық саудаға жіберген, айналымнан алғынып тасталмаған белгілі бір текстес және сападағы тауар, соның ішінде аталған тауардың экспорттына рұқсаты /квотасы мен лицензиясы/, стандартты контракті мен коносаменті биржалық тауар болып табылады.

2. Биржа көпшілік саудаға шығаратын биржалық тауар нормативтік күжаттама мен қолданылып жүрген стандарттардың талаптарына сай келуге тиіс.

3. Ашық тауар биржалары арқылы ғана өткізуге жататын биржалық тауар тауарлар тізбесін және ұсынылатын партиялардың ең аз мөлшері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Р090638

4-бап. Биржалық мәміле

1. Биржалық тауарға қатысты биржалық саудаға қатысушылар жасасқан биржалық сауда барысында биржа тіркеген шарт /келісім, контракт/ биржалық мәміле болып табылады. Биржалық мәмілелерді тіркеу және ресімдеу тәртібін қолданылып жүрген зандарға сәйкес биржа белгілейді.

2. Белгіленбеген тәртіппен биржада жасалған мәмілелерге биржаның кепілдігі қолданылмайды.

5-бап. Биржалық мәмілелердің түрлері

Биржалық саудаға қатысушылар биржалық сауда биржасында:
нақты тауарға қатысты құқықтар мен міндеттерді өзара алысуға;
жеткізу мерзімі кейінге қалдырылған нақты тауарға /форвардты мәмілелер/
қатысты құқықтар мен міндеттерді өзара алысуға;

биржалық тауарды болашақта жеткізуге /фьючерлік мәмілелер/ арналған стандартты контрактіге қатысты құқықтар мен міндеттерді өзара алысуға;

биржалық тауарға немесе биржалық тауарды өткізуге арналған контрактіге /
опциондық мәмілелер/ қатысты құқықтар мен міндеттерді болашақта алысу
құқығына арналған құқықтарды беруге;

биржалық сауданың ережелерінде белгіленген биржалық тауарға немесе
контрактіге байланысты мәмілелер жасай алады.

6-бап. Биржалық саудаға қатысушылар

1. Брокерлік ұйымдар, брокерлер, дилерлер және бір жолғы келушілер биржалық саудаға қатысушылар болып табылады.

2. Биржалық сауда:

клиенттің атынан және оның есебінен, клиенттің атынан және өз есебінен немесе өз атынан және клиенттің есебінен /брокерлік қызмет/ биржалық мәмілелер жасау;

кейін биржада қайта сату мақсатымен /дилерлік қызмет/ өз атынан және өз есебінен биржалық мәміле жасау;

бір жолғы келушілермен өз атынан және өз есебінен биржалық мәміле жасау арқылы жүзеге асырылады.

7-бап. Тауар биржасының филиалдары мен басқа да бөлімшелері

1. Биржаның қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында және одан да тыс жерлерде өз филиалдары мен басқа да бөлімшелерін құруға құқығы бар, олардың қызметіне осы Заңның және солар түрған елдер заңдарының күші қолданылады. Р071292

2. Биржаға меншікті брокерлік ұйымдар құруға тыйым салынады. Биржаның штаттағы қызметкерлері биржа саудасына қатысушылар бола алмайды.

8-бап. Тауар биржаларының биржалық одақтары, қауымдастықтары және басқа бірлестіктері

Биржалар өз қызметін үйлестіру, ортақ мұдделерін қорғау және бірлескен бағдарламаларды, соның ішінде бірлескен саудаларды ұйымдастыру жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыру үшін заңды ұйым құқығы бар биржалық одақтарды, қауымдастықтар мен басқа да бірлестіктерді ерікті негізде және өз құрылтайшыларының келісімімен немесе олардың жалпы жиналысының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құра алады.

9-бап. Заңды тұлғалардың атауларында "тауар биржасы" деген сөздерді пайдалануды шектеу

Осы Заңның 1 және 2-баптарында белгіленген талаптарға қызметтері сай келмейтін заңды тұлғалардың биржалық сауданы жүзеге асыруға, өз атауында "тауар биржасы" деген сөздерді пайдалануға құқығы жоқ және бұл сөздер кез келген тіркесте қолданылған атаулармен мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

2 бөлім. ТАУАР БИРЖАСЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

10-бап. Биржаны құру

Биржалық құрылтайшылық құжаттарды тіркелген күннен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға мэртебесіне ие болады.

11-бап. Тауар биржаларының түрлери

Көшілік сауда өткізу дәрежесі бойынша биржалар:

биржалық саудаға тек биржаның мүшелері ғана қатысатын жабық;

биржалық саудаға келушілер де жіберілетін ашық болуы мүмкін.

12-бап. Тауар биржасының құрылтайшылары

Биржаны Қазақстан Республикасының аумағында заң бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынбаған заңды және жеке тұлғалар құра алады.

13-бап. Тауар биржасының жарғысы

Биржаның жарғысында:

биржаның атауы, түрі және орналасқан жері;

биржаға мүше қабылдау, мүшелікті кідріте тұру және тоқтату тәртібі;

ұйымдық-құқықтық нысанының белгіленуі;

биржаның негізгі міндеттері;

биржа мүшелерінің және биржалық саудаға басқа да қатысуышылардың құқықтары мен міндеттері;

биржа мүшелерінің мұліктік жауапкершілігі;

жарғылық капиталының мөлшері;

биржа құрайтын қорлардың тізбесі және қалыптастыру тәртібі;

биржаны басқару құрылымы және оны бақылау органдары, олардың функциялары мен өкілеттігі, шешімдер қабылдау тәртібі;

биржалық сауда ережелерін қабылдау /бекіту/ тәртібі;

биржалық саудаға қатысуышлар арасындағы биржалық мәмілелер, биржаның, оның филиалдарының және басқа оқшауланған бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру мен реттеу жөніндегі дауларды шешу тәртібі;

биржа қызметін тоқтатудың тәртібі міндетті түрде көрсетілуге тиіс.

14-бап. Биржалық лицензия

1. Биржа қызмет биржалық лицензия болғанда ғана жүзеге асырылады.

2. Биржа лицензиясы биржаға тауар биржалары жөніндегі үәкілетті орган, егер мынадай шарттар сақталған болса:

құрылтайшылық құжаттары мен биржалық сауда ережелерінің осы Заңға, Қазақстан Республикасының басқа заңдарына және өзге де нормативті құжаттарына сәйкестігі анықталса;

жарғылық қордың төленген бөлігі оның жарияланған сомасының кемінде жетпіс процентін құраса, өтініш берген күннен бір ай кешіктірмей береді.

3. Биржалық лицензияларды беру, олардың құшін жою және қолданылуын кідірте түру тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін Тауар биржаларына лицензия беру туралы ережемен белгіленеді.

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап құшіне енеді) Заңымен.

15-бап. Тауар биржасының мүшелері

1. Биржадағы брокерлік орынды иеленетін занды және жеке тұлғалар, соның ішінде шетелдіктер де биржа мүшелері бола алады.

2. Биржаға мүшелікке қабылдау, мүшелікті тоқтата түру және тоқтату тәртібі биржа жарғысымен белгіленеді.

Биржаға мүшелікке қабылдау биржа кеңесі беретін тиісті куәлікпен расталады.

3. Мыналар биржа мүшесі бола алмайды:

осы немесе қайсыбір басқа тауар биржаларының қызметшілері;

лауазымды адамдары, соның ішінде филиалдары мен басқа да оқшауланған бөлімшелерінің басшылары осы биржаның қызметшілері болып табылатын ұйымдардың барлық түрлері;

қоғамдық, діни және қайырымдылық бірлестіктері /ұйымдары/ мен қорлары;

қолданылып жүрген заңға сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыра алмайтын жеке тұлғалар.

4. Биржа мүшелері:

биржаның түріне қарамастан көпшілік саудаға қатысуға;

кеңесші дауыс құқығымен биржаны басқару органдарының жұмысына қатысуға;

өзінің биржалық саудаға қатысу өкілеттігін атқаруды бір ғана занды немесе жеке тұлғага тапсыруға құқылы. Кепілдік беру шарты бирждада тіркелуге тиіс. Биржалық саудаға қатысу құқығын өзге түрде қайтара беруге болмайды.

16-бап. Тауар биржасының органдары

1. Биржаның органдары: биржа құрылтайшыларының жалпы жиналышы, биржа кеңесі, тексеру комиссиясы болып табылады.

Биржа құрылтайшыларының жалпы жиналышы биржаның жоғарғы органдары болып табылады және биржа мен оның мүшелерінің барлық құқықтары мен міндеттерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Биржа кеңесі биржаның атқарушы органдары болып табылады.

2. Биржа органдарының атқаратын функциялары мен өкілеттіктері, олардың шешімдер қабылдау тәртібі биржаның құрылтай құжаттарымен белгіленеді.

17-бап. Биржалық сауда ережелері

1. Биржалық сауда ережелері:

биржалық негізгі құрылымдық бөлімшелерінің функцияларын;

биржалық саудаға қатысушыларды алдағы болатын жария көпшілік сауда туралы хабардар ету тәртібін;

биржада осы сауданы өткізу тәртібін;

биржалық мәмілелер түрлерін;

оларды тіркеу мен есепке алу тәртібін;

биржалық тауарлар бағасын белгілеу тәртібін;

биржалық саудаға қатысушыларды өткен жария көпшілік саудадағы биржалық мәмілелер туралы, оның ішінде биржалық мәмілелердің бағалары мен биржалық тауарлардың бағасын белгілеу туралы хабардар ету тәртібін;

биржа мүшелерін және биржалық саудаға басқа да қатысушыларды тауар нарықтары мен биржалық тауарлардың нарықтық конъюнктурасы туралы хабардар ету тәртібін;

биржалық мәмілелер жасасу кезінде биржа мүшелері мен биржалық саудаға басқа қатысушылардың өзара есеп айырысу тәртібін;

баға деңгейінің күрт артуына немесе төмендеуіне, бағаны қолдан өсіруге немесе төмендетуге, бағаға әсер ету үшін сөз байласуға немесе жалған қауесет

таратуға жол бермеу мақсатында биржадағы баға белгілеу процесін бақылау жөніндегі шараларды;

биржа өткізетін жария көпшілік саудада реттілік пен тәртіпті қамтамасыз ететін шараларды, сондай-ақ осы шараларды қолдану тәртібі мен шарттарын;

биржа мүшелерінің және биржалық саудаға басқа да қатысушылардың қолданылып жүрген зандарды сақтауын қамтамасыз ететін шараларды;

биржа тауарларының тізбесін;

биржалық саудаға қатысушылардан биржа айыппұл өндіріп алғатын жолсыздықтар тізбесін, сондай-ақ айыппұлдың мөлшері мен оны өндіріп алу тәртібі;

биржа көрсететін қызмет үшін төлемдердің мөлшерін және биржаның оны алу тәртібін көздеуге тиіс.

2. Биржалар сұраныс пен ұсыныс ескеріле отырып анықталған тауарларға белгіленген бағаны бұқаралық ақпарат құралдарында оқтын-оқтын жарияладап тұруға міндетті.

3. Биржалық сауданың үлгі ережелерін тауар биржалары жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005.01.01. бастап күшіне енеді) Заңымен.

18-бап. Тауар биржасының қызметін тоқтату

Биржа қызметін тоқтату биржаның жоғары органының шешімі бойынша биржаның жарғысында белгіленген тәртіппен немесе Қазақстан Республикасының зандарында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

3 бөлім. БИРЖАЛЫҚ САУДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

19-бап. Тауар биржасындағы тауар сараптамасы

Биржалық саудаға қатысушының талап етуі бойынша биржа жария көпшілік сауда арқылы өткізілетін нақты тауарлар сапасының қалыпты құжаттама талаптарына сай келуіне сараптама ұйымдастыруға міндетті.

20-бап. Тауар биржасындағы мәмілелердің нәтижелері бойынша клиринг және есеп айырысу

1. Мәмілелердің нәтижелері бойынша биржалық саудаға қатысушылардың айқын позицияларды есептеу және әрі қарай айқын позицияларды есеп айырысу мекемесіне беру үшін биржа Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар клирингтік орталықтар /палата/ ұйымдастыра алады немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар клирингтік орталықтармен /палаталармен/ шарттар жасаса алады.

Клирингтік орталық /палата/ есеп айырысу жүргізу үшін жеке шарт жасасқан банк есеп айырысу мекемесі бола алады.

2. Клирингтік орталық /палата/ қаржыры мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілдегі мемлекеттік органның банк операцияларының шектеулі тобын өткізуге арнайы лицензиясын алған кезде есеп айырысу мекемесінің функциясын орындаудай алады.

3. Биржа биржалық саудаға қатысушылардың қаржылық міндеттемелерінің биржалық сауда нәтижелері бойынша олардың есеп айырысуларын орындаудына кепілдік беретін түрлерін, мөлшерін және енгізілу тәртібін белгілеуге құқылы.

Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.07.10 N 483 (2004.01.01. бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

21-бап. Тауар биржасында тарифтерді белгілеу

1. Биржа:

биржа мен оның бөлімшелері көрсететін қызметтер үшін оның мүшелерінен және биржалық саудаға басқа да қатысушылардан биржаның пайдасына алынатын төлемдердің ставкасын;

биржа жарғысын, биржалық сауда ережелерін және биржа белгілеген басқа да ережелерді бұзғаны үшін биржалық шартта көзделген экономикалық санкциялардың мөлшерін дербес белгілеуге құқылы.

2. Биржаға:

биржалық тауарға бағаның деңгейі мен шегін;

биржалық мәмілелерге делдалдық еткені үшін биржалық саудаға қатысушылар алатын сыйақының мөлшерін белгілеуге тыйым салынады.

3. Көрсетілетін қызметтер үшін белгіленген тарифтер және биржалық саудаға қатысушылардан алынатын комиссиялық алымдар тарифтерінің прейскурантты биржалық саудаға кез-келген қатысушының танысусына оңай болуға тиіс.

22-бап. Тауар биржасында дауларды шешу

1. Биржалық мәмілелер жасауға байланысты даулар қолданылып жүрген зандарға сәйкес биржа бекіткен Аралық сот туралы қолданылып жүрген ережеге сай жұмыс істейтін төрелік комиссиясында қаралуы мүмкін.

2. Биржаның төрелік комиссиясының шешіміне белгіленген тәртіппен сотта шағым жасауы мүмкін.

4 бөлім. ТАУАР БИРЖАЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

23-бап. Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссия

1. Тауар биржаларының қызметін мемлекеттік реттеуді Тауар биржалары жөніндегі уәкілдегі орган жүзеге асырады.

2. Тауар биржалары жөніндегі уәкілдегі орган туралы Ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005.01.01. бастап күшіне енеді) Заңымен.

24-бап. Тауар биржалары жөніндегі уәкілетті органның функциялары

Тауар биржалары жөніндегі уәкілетті органның функциялары:

- birjalysq licensialar beru;
- tauar birjalarynyq tizelimin jurgizu;
- birja turalys zandardyn saqtaluyin baqylaau;
- birja qyzmetin jene birjalysq saudanyq damuyn zerdeleu;
- birjalysq kujattardy dайындау жөніндегі әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу;
- birjalysq saudanyq ulgi erjelerin bekite bolyp tabylady.

Ескерту. 24-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005.01.01. бастап күшіне енеді) Заңымен.

25-бап. Тауар биржалары жөніндегі уәкілетті органның құқықтары

1. Тауар биржалары жөніндегі уәкілетті орган:

тауар биржалары туралы қолданылып жүрген зандарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне тапсыруға;

биржа осы Занды бұзған жағдайда бирjalysq licensияны тоқтата түру немесе оның күшін жою түрінде биржаға санкциялар қолдануға;

биржаға мемлекеттік инспектор тағайындауға;

биржалар мен бирjalysq saudalarfa қатысушылардың қаржы-шаруашылық қызметіне тексерулер ұйымдастыруға;

қолданылып жүрген зандарды бұзған биржаларға және олардың мүшелеріне санкция қолдану үшін материалдарды сотқа жіберуге, ал қылмыс белгілері байқалған жағдайда материалдарды құқық қорғау органдарына беруге құқылы.

2. Тауар биржалары жөніндегі уәкілетті органға, оның лауазымды адамдары мен қызметшілеріне тауар бирjalarynyq, birja brokerleriniң және бирjalysq saudaға қатысушылардың қызметі туралы коммерциялық құпиясы бар ақпаратты, зандарда көзделген жағдайлардан басқа ретте жария етуге тыйым салынады.

Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005.01.01. бастап күшіне енеді) Заңымен.

26-бап. Тауар биржасындағы мемлекеттік инспектордың өкілеттігі

Биржадағы мемлекеттік инспектор бирjanың және бирjalysq saudalasuga қатысушылардың қолданылып жүрген зандарды сақтауына тікелей бақылауды жүзеге асырады және:

birja ұйымдастыратын saudalasuga қатысуға;

кеңесші дауыс құқығымен birja құрылтайшыларының, оның секцияларының /бөлімдерінің, бөлімшелерінің/ жалпы жиналыстарына қатысуға;

биржаны басқару мен бақылау органдары жиналыстары мен мәжілістерінің барлық хаттамаларын әрі олардың шешімдерін қоса, биржа қызметі туралы ақпаратпен танысуға;

биржа басшылығына ұсыныстар енгізуге және табыстамалар енгізуге;

тауар биржалары жөніндегі уәкілетті органға ұсыныстар мен ұсынымдар енгізуге;

тауар биржалары жөніндегі уәкілетті органның шешімдерін биржаның және оның мүшелерінің орындауына бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 26-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005.01.01. бастап күшіне енеді) Заңымен.

27-бап. Тауар биржасының дербестігіне кепілдіктер

1. Мемлекеттік үкімет және басқару органдарының, қолданылып жүрген зандарда көзделгеннен басқа жағдайларда, биржа қызметіне араласуына жол берілмейді.

2. Мемлекеттік басқару органдарының сондай-ақ олардағы лауазымды адамдардың іс-әрекеті салдарынан биржалық мәмілелерді орындау немесе мәмілелерге қатысушыларға зиян келтіру орын алса Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен жауап береді.

28-бап. Тауар биржалары мен биржалық саудаласуға қатысушыларға салық салу

Биржалар мен биржалық саудаласуға қатысушыларға, сондай-ақ биржалық саудаға басқа қатысушыларға салық салу Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

29-бап. Тауар биржаларындағы есеп және олардың статистикалық есеп беруі

1. Биржа Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді, қаржы және статистикалық есептілікті жасайды.

2. Биржалардың статистикалық есеп беру нысандары мен оны тапсыру тәртібін мемлекеттік статистика органдары белгілейді.

3. Биржаның лауазымды адамдары мемлекеттік статистикалық есеп беруді бүрмалағаны үшін занда белгіленген тәртіппен жауап береді.

Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Ескерту. 29-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1997.06.02 N 115 Заңымен.

Қазақстан Республикасының

Президенті